

Гульдана ҚАРЖАСОВА, PhD докторы, Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық Университеті, 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ, Академическая, 9 көшесі, gkb24@mail.ru, +77003794768, +77752078868

Каргаш АХМЕТОВА, заң ғылымдарының кандидаты, Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық Университеті, 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ, Академическая, 9 көшесі, Kargash_73@mail.ru, +77004216671, +77787291437

Алия МЕДЕУБАЕВА, юриспруденция магистрі, "Каспий" педагогика және салалық технологиялар колледжі, 130200, Қазақстан Республикасы, Манғыстау облысы, Жаңаөзен қ., Көктем шағын ауданы, 2а, aliya_m.84@mail.ru, +77716016515

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰЛТТЫҚ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ АДАМНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Мақалада халықаралық құқықтағы және Қазақстандағы адамның негізгі құқықтарын жүзеге асыру жолдарының теориялық және тәжірибелік сұрақтары қарастырылған. Қазақстандағы мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың адам құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау саласындағы өзара іс-қимыл жасаудың көкейкесті мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Түйін сөздер: Жеке тұлға, адам құқықтары мен бостандықтары, адам құқығын қорғаудың халықаралық жүйесі, Халықаралық пактілер, Декларация, Конвенция, ұлттық құқық.

Гульдана ҚАРЖАСОВА, доктор PhD, Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, 100009, Республика Казахстан, г.Караганда, ул.Академическая, 9, gkb24@mail.ru, +77003794768, +77752078868

Каргаш АХМЕТОВА, кандидат юридических наук, Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, 100009, Республика Казахстан, г.Караганда, ул.Академическая, 9, Kargash_73@mail.ru, +77004216671, +77787291437

Алия МЕДЕУБАЕВА, магистр юриспруденции, Колледж педагогики и отраслевых технологий "Каспий", 130200, Республика Казахстан, Мангистауская область, г. Жанаозен, микрорайон Коктем, 2а, aliya_m.84@mail.ru, +77716016515

ПУТИ РЕАЛИЗАЦИИ ОСНОВНЫХ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА В МЕЖДУНАРОДНОМ И КАЗАХСТАНСКОМ НАЦИОНАЛЬНОМ ПРАВЕ

В статье рассмотрены теоретические и практические вопросы реализации основных прав человека в международном и казахстанском национальном праве. Особое внимание уделяется актуальным вопросам взаимодействия государственных органов и неправительственных организаций в Казахстане в сфере обеспечения и защиты прав человека.

Ключевые слова: Личность, права и свободы человека, международная система защиты прав человека, международные пакты, декларация, конвенция, национальное право.

Guldana KARZHASSOVA, PhD., Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya St., 9, gkb24@mail.ru, +77003794768, +77752078868

Kargash AKHMETOVA, PhD., Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya St., 9, Kargash_73@mail.ru, +77004216671, +77787291437

Aliya MEDEUBAEVA, Master of Jurisprudence, "Caspian" College of Pedagogy and Industry Technologies, 130200, Republic of Kazakhstan, Mangistau region, Zhanaozen city, Koktem microdistrict, 2a, aliya_m.84@mail.ru, +77716016515

WAYS OF IMPLEMENTATION OF HUMAN RIGHTS IN THE INTERNATIONAL AND KAZAKHSTAN NATIONAL LAW

In the article, theoretical and practical questions of the realization of the basic human rights in the international and Kazakhstan national law are considered. Particular attention is paid to topical issues of interaction of state bodies and non-governmental organizations in Kazakhstan in the field of providing and protecting human rights.

Keywords: Personality, human rights and freedoms, international system for the protection of human rights, international covenants, declaration, convention, national law.

Тұлғаның құқықтық мәртебесі құндылығын оның қадір қасиетін тану, адамның ерікті дамуы мен өмір сүруінің ең төменгі кепілдіктерін қамтамасыз

етудің қажеттілігі ХХ ғасырдағы әлемдік қауымдастықтың даму барысындағы басты қадамдардың бірі болып табылады. Әлемдік қоғам

әрбір адамның кез келген мемлекетте қоғамдық құрылысқа, басқарудың нысандарына, саяси режимге және т.б. қатыссыз жалпы адам құқықтары мен бостандықтарының ең төменгі стандартын құрастырды. Мемлекетпен міндетті түрде орындалатын, олардың заңдылық, саяси және моральдық күшін ерікті түрде танитын адам құқықтары туралы халықаралық-құқықтық құжаттарды құрастыру және қабылдау аталмыш құқықтар мен бостандықтарды анықтаудағы негізгі құрал болды.

Қазіргі кездегі адам құқығын қорғаудың халықаралық жүйесі үш деңгейден тұрады: халықаралық, аймақтық және ұлттық. Адам құқығын қорғаудың халықаралық механизмдері Біріккен Ұлттар Ұйымымен, БҰҰ Жарғысымен және адам құқығының жалпыға бірдей Декларациясымен астасып жатыр. Соңғы саяси беделдің жоғарлығы сонда, оның қағидалары әлемдегі көптеген елдердің конституцияларына енгізіліп, адам құқығын қорғаудың халықаралық жүйесін қалыптастыруға, халықаралық саясат пен халықаралық қатынастардың дамуына маңызды әсер етті. Халықаралық құқық және сонымен бірге саясаттың дамуы ауқымды саяси ынтымақтастыққа талпынуға жол ашып отыр. БҰҰ халықаралық ынтымақтастық құқықтық негіздерін ғана емес, сонымен бірге оның механизмдерін, халықаралық құқықтық актілердің заңдылық күшіне енудегі қажетті органдардың жүйесін де құрып берді. Әлемдік өзгерістерге байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымына жаңаша көзқараспен қараудың қажеттілігі туындады, яғни БҰҰ адам құқығын қорғау саласындағы халықаралық саясат пен мемлекетаралық ынтымақтастықта басты бағыттаушы орталық болып табылуы тиіс [1, 396].

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін адам құқығы саласында халықаралық ынтымақтастық Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) негізін қалады. 1945 жылы 26-маусымда әлемдік 50 мемлекеттің өкілдері БҰҰ Жарғысын қабылдау үшін Сан-Францискоға жиналды. БҰҰ-ң Жарғысы аталмыш халықаралық ұйымның құрылу тәртібі мен әрекет етуін реттейтін, мемлекеттердің адам құқығы саласындағы ынтымақтастығының құқықтық негізін қалайтын маңызды құжат. БҰҰ-ң мақсаты Жарғының 1-бабында анықталған, ол-адам құқығы мен баршаға ортақ негізгі бостандықтарды сыйлауды дамыту және мадақтауда мемлекетаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру. БҰҰ-ң орталығы Америка Құрама Штатының Вашингтон қаласында орналасқан. Бұл қалаға барлық БҰҰ-ға мүше елдерінің өкілдері БҰҰ Бас Ассамблеясына қатысу үшін жыл сайын жиналады.

Жарғының 55-бабында БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің нәсіліне, жынысына тілі мен дініне қарамастан адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды жалпы сақтау мен сыйлау барлығына ортақ халықаралық құқықтық міндеттері анықталған, яғни БҰҰ-ң жарғысы нәсіл, жыныс, тіл, дін тәрізді каналауға жатпайтын төрт қағидаға басты мән бере отырып баршаның тең құқылығын орнатады. 1-ші және 55-баптарда көрсетілген жағдайлар адам құқығы саласындағы БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің

құқықтық негізін құрайды және бұл ынтымақтастықтың бағытын анықтайды. Жарғы БҰҰ мүшелеріне адам құқығы саласы бойынша міндеттемелерді жүктейді. Сол себепті БҰҰ жарғысы адам құқығы мен бостандығы саласында тәуелсіз мемлекеттер мен халықтардың ынтымақтастығын нығайтудың негізгі саяси және заңдылық іргетасы болды.

Жеке тұлға құқығы туралы алғашқы толыққанды халықаралық құжаттың бірі Жеке тұлға құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Ол БҰҰ Жарғысына негізделіп барлық халықтар мен мемлекеттерге адам құқығының жалпы үлгісін анықтап берді. Декларация (лат. хабарлама, өтініш)- белгілі бір қағидаларды жариялайтын халықаралық-құқықтық акт. Декларация міндеттеушілік емес, керісінше нұсқаушылық сипат алды. Сондықтан Декларациялар қабылданғаннан кейін бірден күшіне енеді [2, 476].

1948-жылы 10-желтоқсанда БҰҰ-ң Бас Ассамблеясы адам құқықтары мәселесін мұқият зерделеп, әрбір бөлім бойынша дауыс берудің 1400 сатысынан өткізе отырып, жеке тұлға құқықтар туралы реттелген құқықтар мен бостандықтардың жалпыға бірдей тиімді түрде мойындалуы мен сақталуын бүкіл халықтар мен мемлекеттердің ұмтылыстары арқылы қамтамасыздандыру жүзеге асыруда Жеке тұлға құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын қабылдады. Декларация, адам құқықтарын қорғау жолындағы істің дамуын бағалай алатын негізгі эталон ретінде жалпыға бірдей дерлік танылды. Декларация 48 қолдау және 8 қалыс қалған дауыспен қабылданды. Аталмыш құжат тарихта адам құқықтары мен бостандықтарын толық қамтыған құжаттың бірі болды.

Декларация әрбір адамның құқықтары мен бостандықтарын ғана емес, сонымен бірге олардың қоғам алдындағы міндеттерін және тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудағы шектеуліктерді де анықтап береді. Аталмыш шектеуліктер демократиялық қоғамдағы заңмен анықталған басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық тәртіп және қоғамдық өмір жағдайын тану және сыйлау мақсатында қабылданған. Декларацияның соңғы бабында Декларациядағы ешбір қағида қайсібір мемлекетке, адамдар тобына немесе жеке адамдарға аталмыш Декларацияда баянды етілген құқықтар мен бостандықтарды жоятын қызметпен айналысу немесе іс әрекет жасау құқығын береді деп пайымдалған.

Жеке тұлға құқығы туралы халықаралық пакт-бұл қатысушы мемлекеттер, яғни, олардың ережелерін ұстануға ресми келіскен мемлекеттер, құқықтардың кең бағытын жүзеге асыруда құрметтеп, кепілдік беру үшін жасалған келісімдер.

БҰҰ шеңберінде жасалған заңды міндеттемелік келісімдердің ішіндегі маңызы бойынша ең көлемділері "Азаматтық және саяси құқық туралы Халықаралық Пакт" және "Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пакт" болып табылады. 1966 ж. қабылданып, 1976 ж. өз күшіне енген аталмыш

құжаттар мемлекеттің өз азаматтарын қамтамасыз етуі тиіс адам құқығының ең төменгі стандарттарын орнатады. Бұл көзқарастан Пактілер Жалпыға ортақ Декларациямен салыстырғанда бір қадам алдыда тұр. 1998 жылға қарай Азаматтық және саяси құқық туарлы Халықаралық Пактіге дамыған елдердің көпшілігімен қатар 140 мемлекет қол қойды. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Пактінің қатысушылары 137 мемлекет болды. Көптеген мемлекеттер қатары соның ішінде АҚШ, бұл құжатты ратификацияламады. Жоғарыда аталған құжаттарды қабылдау маңында орын алған пікір таластар негізінен, бұл пактілердің біреуін ғана немесе екеуін де қабылдау керектігі туралы сұрақтар төңірегіне бағытталған. Көпшіліктің пікірі көптеген мемлекеттерде азаматтық және саяси құқықтар заңды түрде қалыптасқан, сондықтан ол бақылау жүргізетін ерекше орган жағынан қарастырылатын нәрсе болуы мүмкін делінді. Экономикалық, саяси және мәдени құқықтарды жүзеге асыру ол кезде көбінесе тез арада іске асуы мүмкін болмайтын мақсат ретінде қарастырылды, дегенмен Адам құқықтарының Жалпыға ортақ Декларациясы солар сияқты басқа құқықтарға да мән берді. Қазақстан Ресубликасы 2005 жылы осы Пактілерге қосылды. Осылайша, Пактілер Жалпыға ортақ Декларацияда мазмұндалған көптеген құқықтарды танып, нақтырақ анықтайды, сонымен қатар кейбір қосалқы құқықтарды қарастырады.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы Пактіде нақтылы құқықтар мен бостандықтар анықталған. Бұл әр адамның ажырамас құқығы-өмір сүру құқығы. Пакт өлім жазасы алынбаған мемлекеттерде өлім жазасы ең ауыр қылмыс үшін шығарылатыны анықталған. 6-бапта 18-ге толмаған тұлғалар мен жүкті әйелдер өлім жазасына кесілмейді деп көрсетілген. Қазіргі уақыттағы жағдайда әлемдік қауымдастық әлемге өлім жазасынсыз келе жатыр. Қылмыстық сотқа ескерту жасау бойынша БҰҰ-ң комиссиясы өзінің соңғы бесжылдық зерттеінде (1996 ж.) көптеген елдердің заңында көрсетілгендей іс жүзінде де өлім жазасын алып тастау тенденциясының күшейгендігін көрсетеді. 1989 жылдан 1995 жылдың аяғына дейін жазалаудың бұл шарасын тағы да 25 мемлекет алып тастаған. Қорытындысында, 1995 аяғына қарай өлім жазасы 72 мемлекетте толықтай, кейіннен тағы 30 мемлекетте алып тасталынды, ал 90 мемлекетте сақталды. Өлім жазасын алып тастаған барлық мемлекет үкіметтерінің арнайы шағымдарына бұл шара қылмыспен күресудің тиімді тәсілдері туралы қазіргі заманғы ұғымға сәйкес келмейтіндігін көрсеткен. Өлім жазасын алып тастау немесе оны орындауға моратория енгізуге көшу процесіндегі мемлекеттер саны барынша тез жылдамдықпен өсіп келеді (мысалы, Литва, Латвия, Ресей). Бірақ бұл бағыттағы өсу барлық жерге тән емес. Кей мемлекеттерде қарама-қарсы бағыттар бақыланып отыр: не өлім жазасы орнатылған (АҚШ-тың екі штатында; Техас және Флорида), не оның қолдану аясының кеңеюі (Қытай, Корея, Сауд Аравиясы). Халықаралық амнистия көрсеткіштері бойынша 1995 ж. қарай әлемдегі бүкіл өлім жазасының 87%-ы Қытай, Иран,

Нигерия үлесіне тиген. Жеке тұлға құқығы бойынша Халықаралық Пактілермен қатар БҰҰ конвенция нысанындағы адам құқығы бойынша бірқатар құжаттарды жасап, қабылдады [3, 256].

ҚР ратификациялаған БҰҰ-ның кейбір Конвенцияларына тоқталайық. Халықаралық бақылау жүйесін құратын, адам құқығы бойынша бірінші құжат Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысанын жою туралы халықаралық конвенция болды. Нәсілдік айырмашылыққа негізделген кез-келеген астамшылық теориясы ғылыми қатынаста жалған, моральдық қатынаста сыналған, ал әлеуметтік қатынаста әділетсіз және қауіпті және қайда болмасын, теорияда да, практикада да, нәсілдік кемсітушілік ақталмайды. Конвенция кемсітушілікті нәсілдік белгілерге, түсіне, туыстық, ұлттық немесе этникалық шығу тегіне негізделген мақсаты мен салдары адам құқықтарын және саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени немесе қоғамдық өмірдің кез-келген басқа аймағындағы негізгі бостандықтарды тануды, қолдануды және және тең бастамада жүзеге асыруды жою мен төмендету болып табылатын кез-келген айырмашылық, өзгешілік шектеу немесе асыра сілтеу деп анықтайды. Бұл конвенция нәсілдік кемсітушілік түсінігін анықтап, тең жақтарын көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар, нәсілдік артықшылыққа немесе нәсілдік кем көрушілікке негізделген кез-келген идеяны таратудың заңмен жазалануын жариялауды және нәсілдік кемсітушілікті көтермелейтін кез-келген ұйымды заңға қайшы деп жариялауды міндеттеді.

1969 жылы Конвенцияға қатысушы мемлекеттер ұсынып, сайлаған 18 тәуелсіз сарапшыдан тұратын, нәсілдік кемсітушілікті жоюға бағытталған Комитет құрылды. Мемлекеттер Комитетке өз заңдылықтарының жағдайы және елдегі Конвенция ережелеріне қатысты сұрақтар бойынша тәжірибенің жүзеге асуы туралы баяндамаларды мезгіл-мезгіл ұсынып отырады. Комитет, сондай-ақ, тергеу жүргізіп, шағым түсірген мемлекетті заңды бұзған мемлекетпен достастыруға тырыса алады, сонымен қатар, жеке тұлғалардың хабарларын қарастыра алады. 1998 жылға қарай Конвенцияға қатысушылар 148 мемлекет болды, соның қатарында Қазақстан да бар [4, 316].

Конвенция қылмыс жасаған елде немесе кез келген басқа елде тұратын жеке тұлғалар, ұйымдар және мекеме мүшелері, сондай-ақ мемлекет өкілдері жайындағы апартейд қылмысы үшін халықаралық қылмыстық жауапкершілікті қарастырады. Айып тағылған тұлғалар кез келген Конвенцияға қатысушы-мемлекетте сотқа тартылуы мүмкін. Конвенцияға қатысушы-мемлекеттер адам құқығы бойынша Комиссия шеңберіндегі арнайы топқа Конвенцияны жүзеге асыру мақсатында қабылданған шаралар туралы мезгілімен баяндамаларын ұсынып отыруға міндетті [5, 36].

БҰҰ өз әрекетінің басынан Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің әрекет етуші комиссиясы ретінде әйелдер жағдайы бойынша Комиссияны құра отырып, әйелдерге қатысты кемсітушілікті жойуға ерекше көңіл бөлді. 1952 жылы Бас Ассамблея

әйелдер құқығына қатысты БҰҰ-ның алғашқы құжаты-Әйелдердің саяси құқықтары туралы Конвенциясын қабылдады. Бұл құжатта әйелдер барлық сайлауда ер адамдармен тең жағдайда дауыс беруге, қоғамдық-мемлекеттік қызметке орналасуға және ұлттық заң белгілеген барлық қоғамдық-мемлекеттік орындауға құқылы деп айтылған. БҰҰ құрылған кезеңде әр он мүше мемлекеттің тек алтауы толығымен әйелдердің сайлауға қатысу құқығын таныған; бүгін бұл құқық дерлік жаппай танылып отыр.

1979 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы әйелдер жөніндегі кемсітушіліктің барлық нысанын жою туралы Конвенция қабылдады. Конвенция әр түрлі салада, соның ішінде саяси және қоғамдық өмірде, азаматтық, білім алу, денсаулық сақтау, неке және жанұя мәселесінде әйелдер жөніндегі кемсітілушілікті жою мақсатында қабылдануы тиіс шараларды қарастырады. Қазіргі уақытта Конвенцияны 160-тан аса мемлекет ратификациялаған.

Бұл Конвенцияны Қазақстан Республикасы 1998 жылы ратификациялаған. 1997 жылы ҚР Президенті құптаған мемлекеттің гендерлік концепциясы жасалды. Онда ҚР Конституциясына және Қазақстанның халықаралық міндеттеулеріне сәйкес әйелдер мен ер адамдарға тең мүмкіндік беру бойынша мемлекеттік саясаттың болашақ бағыттары анықталған.

1984 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы қинауға және іс-әрекеттің кәсіптік, адамгершіліктен тыс немесе адамдық қасиеттерді қорлайтын басқа да түрлері мен жазалауға қарсы Конвенция қабылдады. 1987 жылдың маусымында күшіне енген Конвенция қинауды тергеу немесе куәландыру, мойындату, жазалау, қорқыту, бір нәрсеге мәжбүрлеу немесе кемсітушілікке негізделген кез-келеген себеппен ресми сипатта жеке тұлғаны арамдатушылық бойынша физикалық немесе адамгершілік тұрғыдан қауіпті ауыру мен азап шегуді қасақана туғызатын кез-келген әрекет ретінде анықтады. Сонымен Конвенция анықтамада заңды санкциялар нәтижесінде пайда болатын немесе кездейсоқ болатын ауру мен қиналу туралы айтылмаған деп анықтайды.

Конвенция, сонымен қатар, қинауды қолданудағы айыптар бар хабарлардың растығын халықаралық деңгейде тексеруді қарастырады, соның ішіне қинауға қарсы Комитет өкілдерінің Конвенцияға қатысушы кез-келген мемлекетке шыға алу рәсімі жатады. Комитет Конвенция ережелерінің бұзылуы туралы жеке тұлғалардың шағымдарын, сондай-ақ бір мемлекеттің басақа мемлекетке қатысты оның ережелерін орындамағаны туралы шағымдарын, егер де басқа мемлекет бұл факультативті қолданысты таныса ғана қарастыра алатын болды. 55-тен аса елдің Конституциясында қинауларға тура немесе жанама тиым салынған, 1998 жылдың жазында Қазақстан Республикасы Парламенті аталмыш Конвенцияны ратификациялады [6, 4б.].

Қазақстан тарихында тұңғыш рет қабылданған адам құқықтары саласындағы Ұлттық іс-қимыл жоспары Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың елімізді одан әрі демократияландыру бағытын берік ұстанғанының жарқын куәсі болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының бірінші бабында

адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары біздің мемлекетіміз үшін жоғары құндылық болып табылады делінген. Сондықтан тәуелсіздік жылдарында біздің барлық күш-жігеріміз адамның іргелі құқықтары мен қоғамның барлық мүдделерін жүзеге асыруға бағытталады [7]. Сонымен бірге Қазақстан өзінің адам құқықтары саласындағы халықаралық міндеттемелерінен ауытқымай, БҰҰ, ЕҚЫҰ және басқа да халықаралық ұйымдардың осы бағыттағы күш-жігерлеріне қолдау көрсетіп келеді.

Мемлекетіміздің адам құқықтарын қорғау жөніндегі кешенді іс-қимыл практикасы әлемнің әртүрлі елдері мен өңірлерінде өзін сәтті жағынан танытты. Қазақстан мұндай жоспарды тұңғыш рет қабылдай отырып, оны бұрынғы кеңестік кеңістіктегі алғашқы қолданған ел болып отыр. Мен осы жоспарда көзделген шаралардың адам құқықтарын қорғау саласындағы Қазақстандық заңнама мен құқық қолдану практикасын жетілдірудің маңызды құралына айналатынына сенімдімін. Жоспарда ұлттық заңнама мен құқық қолдану практикасын, адам құқықтары жөніндегі ұлттық мекемелердің қызметін, билік пен азаматтық қоғам институттары арасындағы өзара іс-қимылды халықаралық стандарттарға сай жетілдіру, адамның құқықтық қорғалуы мен оның өз құқықтары, құқық қорғау тетіктерінің түйінді проблемалары мен оларды шешу шаралары туралы хабардар болуы деңгейін анықтау көзделген.

Ұлттық жоспардың ұсынымдары мен іс-шараларында азаматтардың конституциялық құқықтарын жүзеге асыру тетіктерін жетілдіру мәселелері көрсетілген. Сот жүйесі тәуелсіздігін нығайтуға, адам құқықтарын қорғаудың соттан тыс тетіктерін дамытуға, азаматтардың азаматтық, саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтарын, соның ішінде халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын топтарының құқықтарын халықаралық стандарттар деңгейінде қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінген.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет, әлем қауымдастығының тең дәрежелі мүшесі бола отырып, адам құқықтары саласындағы жұмыс пен қоғамды демократияландырудың маңыздылығын белсенді көрсетіп, құқықтық негіздемені қалыптастырып, оны қамтамасыз ету тетіктерін жасауға ерекше күш салып келеді. Тәуелсіздік жылдарында ҚР ұлттық заңнамада адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарды бекітудің маңызды қадамдарын жасады.

Сонымен бірге, қалыптасқан практика Қазақстанда мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың адам құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау саласындағы жұмыстарының біртұтас еместігімен, үйлестірілмейтіндігімен сипатталатынын көрсетіп отыр. Мемлекеттік органдар тарапынан лайықты қолдау таппай жатады және оған билік құрылымдарының қатысуын көздемейді [8].

Істің қалыптасқан жағдайының негізгі себептері-жеткілікті тәжірибе мен дәстүрдің, әлемдік құқық қорғаушы ой-сананың біздің өмір шындығымызға тұжырымдамалық-әдістемелік бейімделуінің, қажетті құқықтық базаның жоқтығы болып табылады. Осы айтылғандарға орай, бүгінгі таңда адам құқықтарын қорғау және көтермелеу саласындағы жұмысты жүйелі

және үйлестіріп ұйымдастыруға жағдай жасайтын құқық қорғау кешенін жасау маңызды болып табылады. Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспары адам құқықтары, адам құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесі туралы заңнаманы жетілдіру, сондай-ақ халықтың адам құқықтары мен оны қорғаудың тетіктері туралы хабардар болуын жақсарту жөніндегі нақты қадамдарды көздейтін біріккен бағдарлама болып табылады.

Ұлттық жоспар - Орталық Азия елдері мен Қазақстан тарихында тұңғыш қабылданған ҚР адам құқықтары саласындағы ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын тұжырымдайтын және оларды қорғаудың тетіктері мен рәсімдерін жетілдіру жөніндегі нақты ұсыныстарды қамтитын кең ауқымды құжат.

Ұлттық жоспардың тұжырымдамалық бөлігінде адамның және азаматтың азаматтық, саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтарының қамтамасыз етілуі мәселелері талданады. Адам құқықтары мен бостандықтары тек қана бір мемлекеттің ісі ғана емес, бүкіл халықаралық бірлестіктің субъектісі болып табылады. Адам құқығы облысы жөнінде жалпы танылған халықаралық нормалар қазір ұлттық заңдарды қалыптастырудың негізі болып табылады. Сондықтан да мемлекет ішіндегі адам құқығын қорғау механизмі, халықаралық құқық нысандарымен қамтамасыз етілумен тығыз байланысты. Адам құқығын қорғау жөнінде нормалар қабылдаған халықаралық ұйымдар, адам құқығының бұзылмауына жол бермеуге нақты механизмдер қарастырды. Егер мемлекет ішінде құқықтық көмек құралдары болмаған жағдайда, халықаралық құқық көзқарасы бойынша, әрбірадам өзінің мемлекетінің халықаралық шарттары бойынша, адам құқығы мен бостандықтарын қорғау мемлекет аралық органдарынан көмек алуға болады. Адам құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау жайында, қоғамдық тәртіпті сақтауда, адам құқықтары мен бостандықтарын, адам денсаулығы мен ар абыройын қорғау негізінде заңда көрсетілген жағдайда ғана шектеледі. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын саяси ниетпен шектеуге жол берілмейді [8].

Қоғамның демократиялық деңгейі, тек қана Конституцияда жарияланған қандай да бір құқықтар мен бостандықтардан көрінбейді, сонымен қатар қандай деңгейде азаматтар сол құқықтар мен бостандықтарды пайдалана алуында. Өкінішке орай, зейнеткерлердің, кемелетке жасы толмаған балалардың, тағы сол сияқты халықтың қорғаусыз қабатының қазіргі жағдайлары қиын. Әскерге шұғыл шақыру, әскери қызметкерлердің қорғау системасы дұрыс қамтамасыз етілмеген. Мектепке дейінгі балалар мекемелерінің жабылуы, мектептер, ауруханалардың және мәдени объектілердің қысқартулары, адамдардың дұрыс білім алу, дем алуға, емделуге мүмкіндіктерін шектеп тастады. Көбінесе қазіргі кезде іс-тәжірибеде қылмыстық іс жүргізуде адам құқықтары мен бостандықтарының көп бұзылуының оқиғалары кездеседі. Адам ар абыройын қорлайтындай негізсіз ұстау, қамау оқиғалары аз емес. Адам құқық саласындағы әрекет ететін заңдарды білген жағдайда азамат өзінің Конституциялық құқықтарын қорғауға мүмкіндік алады. Негізгі заңда көрсетілген

Конституциялық қағидаларды өмірдің іс-тәжірибесіне араластыру үшін, республиканың әр азаматы өзінің құқықтары мен бостандықтарын қорғауда құқықтық көмек алуға, қосымша құқықтық механизмдер құру қажет.

Қажетті түрде адам құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беретін заңдардың жедел түрдегі билік басындағы саяси күштеріне тәуелсіз әрекет етуін қамтамасыз ету қажет. Адамдардың әрбір ұрпағы өздерінің ұлы қазыналарын, яғни құқықтары мен бостандықтарын әрқашанда белсенді түрде қорғап, сендіру керек. Республикада адам әдет-ғұрпын, құқықтары мен бостандықтарын бағалау әлі де жеткіліксіз. Сондықтан да адам құқықтарын ұлы қазына ретінде тек қана сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде басшылыққа алуға әлі көп уақыт керек.

Ел тәуелсіздігі жылдарында Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтын құру сапалы құқықтық базаны іске асыруға әсерін тигізді. Тәуелсіздік жылдарындағы шынайы реформалық өзгерістер бізді тоталитарлық жүйенің бөлігінен қазіргі заманғы серпінді дамып келе жатқан елге айналдырды. Омбудсмен институтын құру мықты құқықтық базаны іске асырумен қатар, бұл институт ҚР-ның 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес мемлекеттік тетіктің маңызды және ажырамас бөлігі ретінде бекіді. Еліміздің әлемдік қауымдастыққа белсенді енуін, халықаралық құқықтық құжаттарға қосылуын, әлемдік құқық қорғау ұйымдарының аясындағы қызметін Қазақстанда осы мекемені құруға ықпал еткен факторлар қатарына жатқызуға болады. Конституция - бұл тікелей күші бар құжат, сондықтан Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өзінің мемлекеттік органдарға жіберетін ұсыныстарында, сұратуларында, ең алдымен, конституциялық құқықтардың бұзылуына, одан кейін басқа құжаттарға сәлтеме жасайды, осылайша Конституцияның маңыздылығын көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ворожейникова Д.Т. Специфика гражданского общества в Аргентине. // МЭ и МО. - 1996. - № 6.
2. Мұсатаев С. Демократиялану жағдайындағы азаматтық қоғам болмысы хақында. // Ақиқат. - 2007, - №2.
3. Қыдырбекұлы А. Сравнительный анализ развития гражданского общества в Казахстане и Западных странах. // Мысль. - 2000г. - №4.
4. Баршаға айналған демократия. Қоғамның саяси жүйесі. Жалпы тарих және құқықтану мектепке. - 2005. - №6(15)
5. Ақыш Н. Баршаға арналған демократия Алматы. 2004.
6. Оразалинов С. Құқықтық мәдениетті қалыптастыру // Заң. - 2003. - №5.
7. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_.
8. 2009-2012 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспары. Жалпы ред. басқ. Тастемір Әбішев, Сағынбек Тұрсынов-Астана. - 2009.